«Бекітемін»
Амангелді ауылының жалпы орта
білім беретін мектебінің
директорының м.а.: _______ Е.Ж.Касенов

«Ақ тиін»шағын орталығының «Балдырған»ересек топ балаларына арналған
2026-2027 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың процесінің циклограммасы

Тәрбиеші:Жаксылыкова Ж.Ш.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы**
**1 апта**
**ҚЫРКҮЙЕК ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**

**Апта дәйексөзі**
«Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі 01.09.2026 | Сәрсенбі 02.09.2026 | Бейсенбі 03.09.2026 | Жұма 04.09.2026 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау «Күй күмбірі» «Келіншек» күйін тыңдау.** Балалардың ұлттық музыкаға қызығушылығын арттыру, әуенді эмоционалды қабылдауын қалыптастыру. | | **«Смайликпен қарсы алу»** бала өз көңіл күйіне сәйкес смайликті таңдап, тәрбиешімен амандасады. Баланың эмоционалдық жағдайын байқау. | **«Амандасу таңдауы»** бала қол алысу, алақан соғыстыру, құшақтасу немесе қол бұлғау тәсілдерінің бірін таңдайды. Еркіндік пен жағымды көңіл күй қалыптастыру. | **«Жүрекше сыйлаймын»** тәрбиеші әр балаға жылы сөз айтып, жүрекше белгісін ұсынады. Балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру. | **«Көңіл күй гүлі»** бала өзінің көңіл күйін білдіретін түсті немесе гүл күлтесін таңдайды. Сезімдерін ажыратып айтуға үйрету. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | Баламен қоштасуды қысқа, жылы және сенімді түрде жасаңыз. Ұзақ қоштасу немесе қайта-қайта оралу баланың мазасыздануын күшейтуі мүмкін. «Күнің сәтті өтсін, кешке кездесеміз» деп нақты әрі жағымды сөз айтыңыз. | Балабақшаға барар алдында өз көңіл күйіңізді сабырлы әрі жағымды ұстауға тырысыңыз. Ата-ананың сенімді қалпы балаға да әсер етеді. Баланы күлімдеп шығарып салып, жақсы күн тілеген пайдалы. | Балаңызға сенім білдіріп, «Сенің қолыңнан келеді», «Бүгін достарыңмен жақсы ойнайсың» деген жылы сөздер айтыңыз. Баланың өзіне сенімді болып топқа кіруіне жағдай жасаңыз. | Қоштасу кезінде өзіңізді сабырлы және сенімді ұстаңыз. Бала қиналса да, «Сен мұнда қауіпсізсің, кешке міндетті түрде келемін» деп қысқа түрде қолдау көрсетіңіз. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) «Өнегелі 15 минут»** | | **«Қауіпті жағдайды тап»** Тәрбиеші бірнеше сурет көрсетеді: розеткаға қол тигізу, жолдан үлкенмен өту, сіріңкемен ойнау, ойыншық жинау. Балалар қауіпсіз және | **«Сөйлемді аяқта»** Тәрбиеші қысқа сөйлемнің басын айтады: «Доп домалап...», «Бала гүлге...». Балалар сөйлемді өз | **«Таза табиғат»** Балалар ауладағы қағаз, пластик және табиғи қалдықтарды ажыратып, арнайы орындарға | **«Менің және ортақ зат»** Тәрбиеші жеке және ортақ қолданылатын заттарды көрсетеді. Балалар қайсысы жеке, қайсысы бәріне ортақ екенін ажыратады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қауіпті әрекеттерді ажыратады.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | ойымен аяқтайды.<br>**Тіл дамыту** | жинайды. Тәрбиеші табиғатты таза ұстаудың маңызын түсіндіреді.<br>**Таза Қазақстан** | **Құқықтық сауаттылық** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | | **«Күнге созыламыз»** аяқ иық деңгейінде, қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұрып созылу, бастапқы қалыпқа келу. **5–6 рет.**<br>**«Құстар қанат қағады»** қолды екі жаққа созып, жоғары-төмен баяу қозғалту. **6 рет.**<br>**«Тізені көтер»** қол белде, тізені кезекпен жоғары көтеріп жүру. **6–8 рет.**<br>**«Көңілді секіру»** екі аяқпен орнында жеңіл секіру. **8–10 рет.**<br>Соңында зал немесе топ бөлмесі бойымен баяу жүру, тынысты қалпына келтіру.<br>**Салауатты өмір салты** | **«Жаңбыр тамшыларын ұстаймыз»** қолды алға және жоғары созып, кезекпен қол жеткізу қимылын жасау. **6 рет.**<br>**«Ағаштар тербеледі»** қол белде немесе жоғарыда, денені оңға және солға кезекпен еңкейту. **5–6 рет.**<br>**«Биік болып жүреміз»** аяқ ұшымен қолды жоғары көтеріп жүру. **20–25 секунд.**<br>**«Оңға–солға қараймыз»** қол белде, денені оңға және солға бұру. **6 рет.**<br>Соңында қалыпты жүріске ауысып, терең дем алу және дем шығару.<br>**Салауатты өмір салты** | жинау. **6 рет.**<br>**«Құстар ұшты»** қолды қанат сияқты жайып, жеңіл қадаммен қозғалу. **20 секунд.**<br>**«Отырып-тұрамыз»** қол алда, тізені бүгіп жартылай отырып, қайта тұру. **5–6 рет.**<br>**«Жерге қол тигіз»** тізені қатты бүкпей алға еңкейіп, саусақ ұшын еденге жеткізуге талпыну. **5 рет.**<br>Соңында қолды жоғары көтеріп дем алып, төмен түсіріп дем шығару.<br>**Салауатты өмір салты** | **«Биікке созыл»** қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұрып, терең тыныс алу. **5 рет.**<br>**«Иықтар жаттығады»** қол иықта, иықты алға және артқа айналдыру. **4–5 реттен.**<br>**«Жеңіл жүгіру»** орнында немесе шеңбер бойымен баяу қарқында жүгіру. **20–25 секунд.**<br>**«Қолды сермеп секіру»** екі аяқпен жеңіл секіре отырып, қолды еркін сермеу. **8 рет.**<br>Соңында бір қатармен баяу жүру. **Салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталықтар дағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.** | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» «Заң мен тәртіп».** | Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралда рды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағд ыландыру. **эколог иялық мәдениет, буллингтің алдын алу.** | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Қазақ тілі** | **Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жоғары және жан-жаққа көтеру, иықты айналдыру, қолды белге қойып оңға-солға бұрылу, аяқтың ұшына көтерілу. 4–5 рет қайталау. **Негізгі қимылдар:** Сапта бір-бірден адымдап жүру; 6–8 қадам өкшемен жүру; қалыпты жүріске ауысу. Педагогтің белгісі бойынша тоқтау және қайта қозғалу. | **Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды екі жаққа созу, тізені бүгіп-түзету, өкшені кезек көтеру, аяқ ұшына көтерілу, денені тік ұстау. **Негізгі қимылдар:** Өкшемен 6–8 қадам, аяқтың сыртқы қырымен қысқа аралық жүру, кейін қалыпты жүріске ауысу. Сызық арасымен 4–5 м жүру. | **Музыка** **Музыка тыңдау:** «Балабақша бағында» С. Кәрімбаев, І. Шұғаев. Шығарманы соңына дейін тыңдау, көңілді сипатын анықтау және қай жерде естігендей әсер қалдырғанын қысқа айту. **Ән айту:** «Отан ортақ үйіміз» Д. Ботабаев. Әннің мазмұнын түсіндіріп, | **Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Допты кеуде тұсында ұстау, жоғары көтеру, төмен түсіру, оңға-солға бұрылып допты беру, жеңіл отырып-тұру. **Негізгі қимылдар:** 1,5–2 м арақашықтықтан допты бір-біріне домалату; төменнен екі қолмен жұмсақ лақтыру және қағып алуға әрекет жасау. **Ырғақтық жаттығу:** «Берем саған, ал сен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Ырғақтық жаттығу:** «Бір-екі, қадам бас, белгі болса тоқтай қал!» ырғағымен жүру мен тоқтауды үйлестіру.<br>**Қимылды ойын:** «Команданы тыңда» «жүр», «тоқта», «адымда» белгілерін дәл орындау. | **Ырғақтық жаттығу:** «Өкше қадам, сыртқы қыр қадам» ырғағымен баяу қозғалу.<br>**Қимылды ойын:** «Ізден шықпа» белгіленген аяқ іздерімен жүріп өту. | педагогпен бірге жеңіл қайырмасын айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Серуендейміз, билейміз» А. Тоқсанбаев. Музыка басталғанда жүру, би бөлігіне ауысқанда жеңіл қимылдар жасау, аяқталғанда тоқтау.<br>**Музыкалық ойын:** «Қатты ма, ақырын ба?» педагог шығарманың қысқа үзінділерін әртүрлі динамикада орындап, балалардан қимылмен ажыратуды сұрайды. | маған» ырғағымен доп алмасу.<br>**Қимылды ойын:** «Досыңа дәл жеткіз» допты жұбына дәл бағыттау.<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Мерекелік марш» Б. Дәлденбаев. Марштың нық, көтеріңкі сипатын тыңдау, басталуы мен аяқталуын қимыл арқылы белгілеу.<br>**Ән айту:** «Балдырғандар әні» Б. Дәлденбай. Әннің көңілді сипатын сезініп, қысқа әуендік тіркестерді педагогпен бірге қайталау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Жалаушамен би» Е. Брусиловский. Музыка ырғағына сәйкес жалаушаны жоғары-төмен қозғау, марш бөлігінде нық жүру.<br>**Музыкалық ойын:** «Марш па, би ме?» тыңдалған қысқа үзіндіге сәйкес балалар жүру немесе би қимылын таңдайды. |
| **Серуенге дайындық** | | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру.<br>Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін | Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті** | мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты** | | |
| **Серуен** | | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйек айындағы ауа райын және алаңдағы ағаштарды бақылау. Күннің жылы немесе салқын екенін сезіну, аспанның ашық не бұлтты екенін анықтау. Ағаш жапырақтарының пішінін, көлемін, түсін салыстыру. Жасыл, сарғыш және сары жапырақтарды тауып, күз басталғанда жапырақтардың түсі біртіндеп өзгеретінін байқау. «Бүгін күн қандай?», «Аспанда бұлт бар ма?», «Жапырақтардың түсі қандай?» деген сұрақтар арқылы балаларды бақылағанын айтуға ынталандыру. **Қимылды ойын:** «Ақ серек, көк серек» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар екі топқа бөлініп, тәрбиешінің белгісі бойынша белгіленген сызыққа дейін жүгіріп барады. Бір-бірін тартпай, итермей ойнау, жүгіру кезінде арақашықтықты | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйек аспанындағы бұлттарды бақылау. Аспанның түсін, бұлттардың көлемін, пішінін және қозғалысын сипаттау. Ақ, сұр, қою түсті бұлттарды салыстыру. Жел соққанда бұлттардың қозғалып бара жатқанын байқау. Қою бұлттардың жаңбыр әкелуі мүмкін екенін қарапайым түрде түсіндіру. «Бұлттар қозғалып тұр ма?», «Қай жаққа қарай жылжып барады?» деген сұрақтар қою. **Қимылды ойын:** «Көкпар» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар белгіленген жердегі допты алып, межеге жеткізуге тырысады. Ойын шағын топпен | **Бақылау, зерттеу:** Жаңбырдан кейінгі құрғақ және дымқыл құмды зерттеу. Құмды қолмен ұстап, қасиеттерін салыстыру. Құрғақ құмның сусып төгілетінін, дымқыл құмның пішін сақтайтынын тәжірибе арқылы байқау. «Қай құм құрғақ?», «Қай құмнан пішін жасау оңай?», «Құм неліктен дымқыл болды?» деген сұрақтар қою. **Қимылды ойын:** «Арқан тартыс» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар шағын топтарға бөлініп, жұмсақ әрі қауіпсіз арқанды белгі бойынша өз жағына қарай тартады. Қимыл кезінде тепе-теңдікті сақтауға | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектегі желді ауа райын бақылау. Ағаш бұтақтары мен жапырақтарының қозғалысына қарап желдің бар-жоғын анықтау. Желді бетпен және қолмен сезініп көру. Әлсіз жел кезінде жапырақтардың баяу, жел күшейгенде жылдамырақ қозғалатынын байқау. «Желдің соғып тұрғанын неден байқадық?» деген сұрақ арқылы қарапайым қорытынды жасауға жетелеу. **Қимылды ойын:** «Жел мен жапырақтар». Балалар «жапырақтар» болып алаңда қозғалады. «Жел баяу соқты» дегенде баяу жүреді, «жел күшейді» дегенде жеңіл жүгіреді, «жел тоқтады» деген белгіде тоқтайды. **Балалардың дербес әрекеті:** Құрсаумен әртүрлі әрекеттер жасау: домалату, айналдыру, құрсаудың ішінен өту, белгіленген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сақтау ережелері бекітіледі.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Допты жұппен бір-біріне лақтыру және қағып алу. Допты төменнен және кеуде тұсынан лақтыруға жаттығу. Допты неше рет түсірмей қағып алғанын санап көру.<br>**Еңбекке баулу:** Жерге түскен жапырақтарды көлемі немесе түсі бойынша сұрыптап жинау. Жиналған жапырақтарды белгіленген орынға апару, еңбек құралдарын ретімен қолдану | ұйымдастырылып, бір-бірін итермеу және белгіленген бағытпен қозғалу ережелері сақталады.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Секіртпемен жеке секіруге талпыну, секіру санын санау. Секіртпені айналдыруға қиналған балаларға жерге қойылған секіртпенің үстінен қос аяқпен секіру немесе аттап өту ұсынылады.<br>**Еңбекке баулу:** Желден алаңға түскен жапырақтар мен қауіпсіз ұсақ табиғи қалдықтарды жинау. Оларды белгіленген орынға апарып, серуен алаңын таза ұстауға қатысу. | және бір-бірін итермеуге назар аударылады.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Дымқыл құмнан көпір, жол, үйшік, мұнара жасау. Құрғақ және дымқыл құмнан жасалған пішіндерді салыстыру. Балалардың жеке құрылыстарын бір ортақ құрылысқа біріктіру.<br>**Еңбекке баулу:** Ойын соңында құмсалғыштың бетін тегістеу. Күрекше, шелек пен қалыптарды құмнан тазартып, орнына қою. | жерге дейін жеткізу. Жеңіл таспа немесе жалаушаның желмен қозғалуын бақылап ойнау.<br>**Еңбекке баулу:** Жел ұшырып әкелген жапырақтарды жинау. Қолданылған ойын құралдарын реттеп, белгіленген орындарына орналастыру. |
| **Серуеннен оралу** | | Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету «Адал азамат» «Заң мен тәртіп» | Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету<br>«Адал азамат» «Заң мен тәртіп» | Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу «Адал азамат» «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу | Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. «Адал азамат» «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге<br>үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру<br><br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету |
| **Күндізгі ұйқы** | | Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу.<br>Бесік жырын тыңдату.<br>**Салауатты өмір салты** | Өз төсегін тауып жатуға үйрету.<br>Баяу әуен тыңдату.<br>**Салауатты өмір салты** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.<br>**Салауатты өмір салты** | Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету<br>Бесік жырын айту<br>**Салауатты өмір салты** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау<br>**Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау<br>**Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау<br>**Салауатты өмір салты** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу»<br>**Салауатты өмір салты** |
| **Бесін ас** | | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Салауатты өмір салты** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты өмір салты** | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту<br>**Салауатты өмір салты** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | «Менің балабақшам қандай?» **STEM-жобалау: «Болашақ балабақшасын жобалаймыз»** балалар балабақша ғимаратының, топ бөлмесінің суреттерін қарап, «Балабақшада не болуы керек? Неліктен?» деген сұраққа жауап береді. Кейін құрылыс материалдарынан өз балабақшасының үлгісін жасайды. **Тіл дамыту:** дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айту; «балабақша, бөлме, кітап бұрышы, ойын алаңы, асхана» сөздерінің қолданылу маңызын түсіндіру. «Менің балабақшамда ... бар» үлгісімен сөйлемдерді байланыстыру. Диалогке қатысу. **Көркем әдебиет:** балабақша туралы шағын әңгімені тыңдап, негізгі мазмұнын 2–3 сөйлеммен қайталау. **Математика негіздері:** әртүрлі түсті, пішінді, өлшемді бөлшектерден жиын құру. Екі қатардағы құрылыс бөлшектерін жұппен қойып, тең | «Топ бөлмесінің құпиялары» **Зерттеу-экспедиция: «Не үшін қажет?»** Балалар топ ішіндегі бірнеше орталыққа бөлініп зерттеу жүргізеді: кітап бұрышы, ойын аймағы, шығармашылық үстелі, құрылыс бұрышы. **Тіл дамыту:** тұрмыстық және қоршаған орта заттарының қолданылу маңызын түсіндіру: «Қайшы қағаз қию үшін керек», «Кітаптан әңгіме оқимыз». Үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды жаттықтыру. **Қазақ тілі:** зат атауларын және қызметін сөзбен айту. «Қайшы қайда?», «Кітап сөреде тұр» сияқты сөйлемдер. **Көркем әдебиет:** кітапты күтіп ұстау туралы шағын әңгімені тыңдап, мазмұнын қайталау. | «Балабақшаға қалай жетемін?» **Кеңістіктік квест: «Бағытты тап»** Балалар карта-схема бойынша қозғалады: алға, артқа, оңға, солға, жоғары, төмен. **Тіл дамыту:** «алдымда, артымда, оң жағымда, сол жағымда» сөздерін сөйлемде қолдану. Фонематикалық естуге арналған «Қай дыбыстан басталады?» ойыны. **Қазақ тілі:** қ, ғ, ү дыбыстары бар сөздерді анық айту; бағытты қарапайым сөйлеммен белгілеу. **Көркем әдебиет:** саяхат туралы шағын мәтінді тыңдап, оқиға ретін айту. **Математика негіздері:** берілген бағытта қозғалу, заттарды оң қолмен солдан оңға орналастыру. Екі маршруттың | «Мен өстім» **Зерттеу-әңгіме: «Кеше, бүгін, ертең»** Балалар сәбилік, қазіргі және болашақ кезеңдерін бейнелейтін суреттерді салыстырады. **Тіл дамыту:** «Мен кішкентай болғанда...», «Қазір мен...», «Өскенде мен...» сөйлемдерін құру. Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстыру. **Қазақ тілі:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін қарапайым сөйлемде қолдану. **Көркем әдебиет:** баланың өсуі туралы әңгімені тыңдап, иллюстрация бойынша мазмұнын қайталау. **Математика негіздері:** «кеше бүгін ертең», «таңертең күндіз кеш түн» реттілігін бекіту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | немесе тең емес екенін анықтау. Ұзын-қысқа, кең-тар пластиналарды салыстыру.<br>**Құрастыру:** пластиналарды тігінен, кірпіштерді көлденең орналастырып, балабақша ғимаратын құрастыру. | | ұзындығын салыстыру. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | «Ойыншық кімге ұқсайды?» (Тіл дамыту) Баладан ойыншығын сипаттап айтқызу (түсі, пішіні, қимылы). | «Қуыршақ қайда отыр?» (Қазақ тілі) Ойыншықты үстелдің үстіне, астына, қасына қойып, балаға сөзбен айтқызу. | «Санамақ ойыншықтар» (Математиканегіздері) Ойыншықтарды бір қатарға қойып, бірге 1–5 дейін санау. | «Санамақ ойыншықтар» (Математика негіздері) Ойыншықтарды бір қатарға қойып, бірге 1–5 дейін санау. |
| **Серуенге дайындық** | | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру | Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. |
| **Серуен** | | «Құтқарушылар»<br>**Мақсаты:** Жылдамдықты, ептілікті және мақсатқа жету дағдысын дамыту.<br>**Шарты:** Алаңның бір шетіне бірнеше ойыншық қойылады. Балалар «құтқарушылар» болып, белгі бойынша жүгіріп барып, бір ойыншықтан | «Кедергілер жолағы»<br>**Мақсаты:** Ептілікті, тепе-теңдікті, төзімділікті және негізгі қимыл дағдыларын жетілдіру.<br>**Шарты:** Балалар белгіленген бағытпен жүріп, аласа кедергіден | «Қазынаны тап»<br>**Мақсаты:** Зейінді, кеңістікте бағдарлауды және топпен әрекет ету дағдысын дамыту.<br>**Шарты:** Алаңға бірнеше доп немесе жалауша «қазына» ретінде | «Санға жет»<br>**Мақсаты:** Жүгіру жылдамдығын, зейінді және санды тану дағдысын жетілдіру.<br>**Шарты:** Алаңға 1-ден 5-ке дейінгі сандар орналастырылады. Тәрбиеші бір санды атайды, балалар сол санды тауып, оған қарай жүгіреді. Кейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алып, қауіпсіз аймаққа жеткізеді. Ойын бірнеше айналымнан тұрады, балалар бір-біріне кедергі жасамай қозғалады. | аттайды, доғаның астынан еңбектейді, құрсаудан өтеді және белгіленген сызыққа дейін жүгіреді. Тапсырмалар балалардың жас ерекшелігіне сай қауіпсіз биіктікте ұйымдастырылады. | жасырылып қойылады. Балалар шағын топтарға бөлініп, тәрбиешінің белгісі бойынша қазынаны іздейді. Табылған заттарды өз тобының белгіленген себетіне жинайды. | санға сәйкес сонша рет қол шапалақтау немесе секіру тапсырмасы беріледі. |
| **Серуеннен оралу** | | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өзінің аты, тегі, жасы туралы айту; өзін балабақша қауымының мүшесі ретінде сезіну, өз ойын ашық білдіру. **Сурет салу:** «Менің балабақшам» ғимараттың пішіндерін дұрыс орналастырып салу. **Мүсіндеу:** балабақша ауласының шағын көлемді композициясын жасау. | **Математика негіздері:** дөңгелек , үшбұрыш, төртбұрыш және цилиндрді сипап сезу арқылы тану. Заттардың өзіне қатысты орналасуын айту: «Менің алдымда үстел, сол жағымда орындық». **Құрастыру:** қағазды ортасынан бүктеп, шиыршықтап, | **Құрастыру:** лего арқылы балабақшаға апаратын жол, көпір, қақпа жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өз мекенжайын толық айтуды талап етпей, үй мен балабақша арасындағы күнделікті жол | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** «Мен кішкентай болдым, өсіп келемін, ересек боламын» түсінігін қалыптастыру; мектеп туралы алғашқы жағымды түсінік беру. **Құрастыру:** «Менің болашақ мектебім» қарапайым құрылымы. **Сурет салу:** «Мен өскенде...» тақырыбында еркін сурет. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Жапсыру:** қысқа және ұзын жолақтарды түзу сызық бойымен қиып, балабақша ғимаратының бейнесін құрастыру. | топқа арналған көлемді бұйым жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** топтағы ортақ заттарды құрметтеу, өз жауапкершілігін түсіну. **Сурет салу:** топ ішіндегі бір бұрышты кеңістікте дұрыс орналастырып бейнелеу. **Мүсіндеу:** топтағы бір тұрмыстық заттың көлемді үлгісін жасау. **Жапсыру:** қайшыны дұрыс ұстап, қысқа жолақтар қию арқылы «Біздің топ» коллажы. | туралы түсінік қалыптастыру. **Сурет салу:** қарапайым маршрут сызбасы. **Мүсіндеу:** жол бойындағы белгілер мен ағаштарды жасау. **Жапсыру:** түрлі бағытты көрсететін жолақтарды қиып, картаға орналастыру | **Мүсіндеу:** адамның қарапайым көлемді бейнесі. **Жапсыру:** үш кезеңді ретімен орналастыратын композиция. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | Үйге қайтқанда баланың күнін асықпай сұраңыз. «Бүгін не ұнады?», «Қандай жақсы іс жасадың?» деген сұрақтар қойып, жетістігін міндетті түрде атап өтіңіз. | «Саған бүгін ең ұнаған іс не болды?», «Кіммен бірге ойнадың?» деп сөйлесуге уақыт бөліңіз. Баланың жауабын бөлмей тыңдап, ойын толық айтуына мүмкіндік беріңіз. | Үйге келгенде баланы құшақтап, күн бойы сағынғаныңызды жылы жеткізіңіз. Егер көңіл күйі төмен болса, бірден сұрақтың астына алмай, алдымен демалуына мүмкіндік беріңіз. | Баланың жасаған суретін, жапсырмасын немесе қолөнерін бірге тамашалаңыз. «Мұны қалай жасадың?», «Қай бөлігі саған ұнайды?» деп еңбегіне қызығушылық танытыңыз. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы**
**2 апта**
**ҚЫРКҮЙЕК ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**

**Апта дәйексөзі** «Отбасы -бақыт мекені»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 07.09.2026 | Сейсенбі 08.09.2026 | Сәрсенбі 09.09.2026 | Бейсенбі 10.09.2026 | Жұма 11.09.2026 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау «Күй күмбірі» «Жастар биі» күйін тыңдау.** Күйдің көңілді әуенін сезінуге, музыкаға қызығушылық танытуға мүмкіндік беру | **«Құпия амандасу»** әр бала тәрбиешімен ерекше қимыл арқылы амандасады. Балалардың қызығушылығын оятып, топқа қуанышты көңіл күймен кіруіне жағдай жасау. | **«Жылы сөздер шеңбері»** балалар бір-біріне «Қайырлы таң!», «Сен бүгін әдемісің!», «Күнің сәтті өтсін!» сияқты жылы сөздер айтады. | **«Көңіл күй айнасы»** бала айнаға қарап, өзінің көңіл күйін мимика арқылы көрсетеді. Эмоцияларды тануға және білдіруге баулу. | **«Алақаннан алақанға»** тәрбиеші әр баланы алақан соғыстыру арқылы қарсы алады. Көтеріңкі көңіл күй мен достық қарым-қатынас қалыптастыру. | **«Түсті таңдау»** бала бүгінгі көңіл күйіне сәйкес түсті карточканы таңдайды және неліктен сол түсті таңдағанын айтады |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Егер балабақша тәртібі рұқсат етсе, бейімделуге көмектесетін шағын әрі қауіпсіз сүйікті затын алып баруға болады. Бірақ балаға біртіндеп топтағы ойындарға қосылуды да | «Сені кешке міндетті түрде алып кетемін» деп балаға уақыттың тұрақтылығын сездіріңіз. Күн тәртібін қарапайым тілмен түсіндіру балаға | Балаға «Достарың сені күтіп тұр», «Бүгін бірге ойнайсыңдар» деп топқа жағымды көңіл күймен кіруге көмектесіңіз. Құрдастарымен | Өзіңіз асығып тұрсаңыз да, баланы асықтырмай қоштасуға тырысыңыз. Қысқа құшақтау, жылы сөз және | Күн сайын бірдей қысқа қоштасу рәсімін қалыптастырыңыз: құшақтау, маңдайынан сүю, қол бұлғау немесе арнайы сөз айту. Тұрақты рәсім балаға қауіпсіздік сезімін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйреткен дұрыс. | сенімділік береді. | амандасуды еске түсіріңіз. | қол бұлғау сияқты бірізді әрекеттерді сақтау пайдалы. | береді. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) «Өнегелі 15 минут»** | **«Досыма қалай көмектесемін?»** Тәрбиеші түрлі жағдаяттар ұсынады: досы құлап қалды, ойыншығын таба алмай жүр, көңілсіз отыр. Балалар дұрыс көмек түрін таңдайды. **Буллингтің алдын алу** | **«Көпір құрастырамыз»** Балалар текшелерден ойыншық машина өтетін көпір құрастырады. Қай құрылым берік екенін байқап көреді. **STEM** | **«Ережені сақтаймыз»** Тәрбиеші топтағы қарапайым ережелерді еске түсіреді. Балалар суреттердің ішінен дұрыс тәртіпті таңдайды. **Заң мен тәртіп** | **«Қауіпсіз жол»** Балалар ойыншық жол, бағдаршам және жаяу жүргінші жолағын пайдаланып, жолдан дұрыс өтуді ойнайды. **Қауіпсіздік мәдениеті** | **«Сурет бойынша әңгімеле»** Тәрбиеші қарапайым сюжетті сурет көрсетеді. Балалар кім не істеп жатқанын 2–3 сөзден тұратын сөйлеммен айтып береді. **Тіл дамыту** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **«Аю жүрісі»** аяқтарды сәл алшақ қойып, денені алға еңкейтіп, ауыр қадаммен жүру. **20 секунд.** **«Қояндар секіреді»** екі аяқпен алға қарай қысқа секірулер орындау. **6–8 рет.** **«Тырна»** қолды екі жаққа жайып, бір аяқта бірнеше секунд тепе-теңдік сақтау. Әр аяқпен **2–3 рет.** **«Желкен»** аяқ алшақ, қол екі жақта, денені алға еңкейтіп қайта түзу тұру. **5–6 рет.** Соңында еркін жүріп, тынысты қалыпқа келтіру. **Салауатты өмір салты** | **«Күн шықты»** отырып немесе тік тұрып, қолды жоғары көтеріп созылу. **6 рет.** **«Жаңбыр тамшылары»** саусақ ұштарымен ауада майда қимылдар орындап, қолды жоғарыдан төмен түсіру. **6 рет.** **«Көбелектер»** қолды екі жаққа жайып, жеңіл қадаммен қозғалу. **20–25 секунд.** **«Шалқанды тартамыз»** қолды алға созып, шынтақты бүгіп кеудеге қарай тарту. **6 рет.** Соңында тыныс алу жаттығуын орындау. **Салауатты өмір салты** | **«Басымызды бұрамыз»** басты оңға, солға баяу бұру және төмен-жоғары қарау. **4 реттен.** **«Қолды сермейміз»** қолдарды алға, артқа кезекпен сермеу. **6 рет.** **«Жылан»** етпеттеп немесе кілем үстінде денені созып жатып, қолды алға созу, кейін бастапқы қалыпқа келу. **4–5 рет.** **«Жолбарыс»** төрттағандап белгіленген қысқа аралықта еңбектеу. **2–3 айналым.** Соңында тік тұрып, | **«Иықтарды айналдырамыз»** қол иықта, шынтақпен шеңбер жасау. **5 рет алға, 5 рет артқа.** **«Отырып-тұру»** қол алда, жартылай отырып қайта тұру. **6 рет.** **«Белімізді бұрамыз»** қол белде, денені оңға және солға бұру. **6 рет.** **«Секірейік»** екі аяқпен орнында жеңіл секіру. **8–10 рет.** Соңында аяқ ұшымен және өкшемен кезектесіп жүру. **Салауатты өмір салты** | **Көңілді қадам»** алақан соғып, тізені сәл жоғары көтеріп жүру. **20 секунд.** **«Құмырсқа»** денені сәл еңкейтіп, ұсақ қадаммен жүру. **15–20 секунд.** **«Балықтар жүзеді»** қолды кезекпен алға созып, жүзу қимылдарын орындау. **6 рет.** **«Жел соқты»** қол екі жақта, денені оңға және солға баяу тербету. **6 рет.** Соңында баяу жүру және тыныс алу. **Салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қолды жоғары көтеріп тыныс алу. **Салауатты өмір салты** | | |
| **Таңғы ас** | Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты** | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік** | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталықтар дағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.** | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» «Заң мен тәртіп».** | Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралда рды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағд ыландыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.** | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Қазақ тілі** **Сөздік жұмыс:** Күз, жапырақ, жаңбыр, салқын, бұлт, жел, сарғайды, түсті. **Сөйлеу жаттығуы:** «Мен көріп тұрмын...» сөйлем үлгісі арқылы балалар суреттегі құбылысты сипаттайды. Педагог баяу және көтеріңкі интонацияны салыстырып көрсетеді. **Ұжымдық әңгіме:** «Кезекпен айт» — әр бала күз туралы бір белгі айтады, | **Дене тәрбиесі** ***Жалпы дамытушы жаттығулар:*** Қолды сермеу, иықты айналдыру, орнында адымдау, тізені жоғары көтеру, аяқ ұшына көтерілу. **Негізгі қимылдар:** 10–12 м аралықта жүруді жеңіл жүгірумен алмастыру; белгі бойынша қарқынды | **Дене тәрбиесі** ***Жалпы дамытушы жаттығулар:*** Қолды жан-жаққа созып тепе-теңдік сақтау, бір аяқты сәл алға шығару, денені оңға-солға бұру, аяқ ұшына көтерілу. **Негізгі қимылдар:** Сызықтардың арасымен 4–5 м | **Музыка** **Музыка тыңдау:** «Тамшылар» М. Жәутіков. Әуенді аяғына дейін тыңдап, нәзік/жеңіл сипатын сезіну, алған әсерін 1–2 сөзбен айту. **Ән айту:** «Жаңбыр» Ә. Телғозиев. Әнді педагогпен бірге | **Дене тәрбиесі** ***Жалпы дамытушы жаттығулар:*** Қолды шеңбер бойымен айналдыру, тізені бүгу-жазу, орнында жеңіл жүгіру, тыныс алу жаттығуы. **Негізгі қимылдар:** Аяқтың ұшымен қысқа аралық жүгіру; шеңбер бойымен бір бағытта бірқалыпты жүгіру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келесі бала алдыңғы айтылғанды қайталамай жаңа белгі қосады.<br>**Дидактикалық ойын:** «Не өзгерді?» — екі суретті салыстырып, балалар айырмашылығын сөзбен түсіндіреді. | баяулату және қайта үдету.<br>**Ырғақтық жаттығу:** Музыка баяуласа жүру, жылдамдаса жеңіл жүгіру.<br>**Қимылды ойын:** «Әуенді тыңда» музыка қарқынына сәйкес жүріс не жүгіру түрін өзгерту. | жүру; соңында бұрылып кері қайту. Кейін адым ұзындығын сақтап жүру.<br>**Ырғақтық жаттығу:** «Түзу жүр, асықпа, сызықтан сен шықпа» ырғағы.<br>**Қимылды ойын:** «Көпірден өт» сызық арасымен тепе-теңдікті сақтап жүру. | орындау, ақырын және қатты дыбысталатын жерлерге назар аудару.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Көңілді ленталар» Г. Абдрахманова. Баяу әуенде лентаны жай тербету, жылдам әуенде жеңіл сермеу.<br>**Музыкалық ойын:** «Тамшы қалай тамады?» баяу музыкада саусақпен жай, жылдам музыкада жиі «тамшы» қимылын жасау. | белгі бойынша жүруге ауысу.<br>**Ырғақтық жаттығу:** «Жүгір-жүгір, шеңбермен, белгі болса жүр енді» ырғағы.<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Полька» М. Глинка. Шығарманың жеңіл, жылдам, би сипатын тыңдау, марштан айырмашылығын қарапайым сөздермен айту.<br>**Ән айту:** «Кел балалар, күлейік» Е. Өміров. Көңілді сипатта педагогпен бірге анық, жеңіл орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Көңілді полька» И. Штраус. Жұпсыз еркін қимыл: қол шапалақтау, жанға қадам жасау, айналу.<br>**Музыкалық ойын:** «Баяу ма, жылдам ба?» екі түрлі қарқындағы үзіндіні тыңдап, сәйкес қимыл көрсету |
| **Серуенге дайындық** | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру.<br>Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру.<br>**Салауатты өмір салты** | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектегі гүлзарды бақылау. Гүлдердің түсін, көлемін, иісін салыстыру. Гүлдің сабағы, жапырағы, күлтесі бар екенін еске түсіру. Кейбір гүлдердің әлі гүлдеп тұрғанын, ал кейбірінің сола бастағанын байқау. Салқын ауа райының өсімдіктерге біртіндеп әсер ететінін қарапайым түрде түсіндіру. **Қимылды ойын:** «Теңге ілу» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар белгіленген бағытпен жүріп немесе жеңіл жүгіріп, жерге қойылған ірі қауіпсіз заттарды еңкейіп алып, себетке жеткізеді. Қозғалыс кезінде бір-бірімен соқтығыспауға үйрету. **Балалардың дербес әрекеті:** Қуыршақтармен «Дүкен», «Қонақ күту», «Отбасы» сияқты рөлдік ойындар ойнау. Балалардың рөлдерді өзара бөлісуіне және қарапайым диалог құруына мүмкіндік беру. **Еңбекке баулу:** Гүлзар маңындағы түскен жапырақтарды жинау. Қажет болған жағдайда тәрбиешінің көмегімен гүлдерге аз мөлшерде су құю. | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектегі құстарды бақылап, олардың дауысын тыңдау. Құстардың ұшуын, жерде жүруін, жем іздеуін байқау. Күн салқындай бастағанда құстардың тіршілігінде де өзгерістер болатынын айту. Таныс құстарды атауға талпындыру. Құстарға жақындамай, сырттай бақылау керектігін түсіндіру. **Қимылды ойын:** «Асық ату» жеңілдетілген нұсқасы. Ірі қауіпсіз асық үлгілерін немесе арнайы ойын құралдарын белгіленген нысанаға қарай домалату. Балалардың кезекпен әрекет етуіне жағдай жасау. **Балалардың дербес әрекеті:** Кеглилерді доппен дәлдеп құлату. Қашықтықты біртіндеп өзгертіп, неше кегли құлағанын бірге санау. **Еңбекке баулу:** Құстарға арналған арнайы жерге аз мөлшерде жем салу. Жем шашқан орынды таза ұстау. | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйек күніндегі көліктерді қауіпсіз жерден бақылау. Ауа райы ашық немесе бұлтты екенін анықтап, жолдың құрғақ не дымқыл болуына назар аудару. Көліктерді түсі мен көлеміне қарай салыстыру. Белгілі бір уақыт ішінде өткен бірнеше көлікті санау. **Қимылды ойын:** «Жалаушаны әкел». Алаңның әр жеріне түрлі түсті жалаушалар қойылады. Тәрбиеші атаған түстегі жалаушаны тауып, белгіленген жерге жеткізу. Балаларды түсті дұрыс ажыратып, белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру. **Балалардың дербес әрекеті:** Жалаушалардан шеңбер, үшбұрыш, ұзын және қысқа жол сияқты қарапайым пішіндер құрастыру. Жалаушалармен жүру, жүгіру және | **Бақылау, зерттеу:** Желдің бағытын ағаш жапырақтарының қозғалысына, жалауша немесе жеңіл таспаның тербелуіне қарап анықтау. Желдің қатты немесе баяу соғуын салыстыру. Алақанды алға созып, желді сезініп көру. Жел күшейген кезде ағаш жапырақтарының көбірек қозғалатынын байқату. **Қимылды ойын:** «Жел мен ағаш». Балалар ағаш болып тұрады. «Жел баяу соқты» дегенде денесін ақырын тербетеді, «жел күшейді» дегенде көбірек тербеледі, «жел тоқтады» дегенде қимылсыз тұрады. **Балалардың дербес әрекеті:** Асфальтқа бормен күн, бұлт, жаңбыр тамшысы, шеңбер, шаршы, | **Бақылау, зерттеу:** Ағаш бұтақтары мен жапырақтарды бақылау. Ұзын және қысқа, жуан және жіңішке бұтақтарды салыстыру. Қыркүйек ортасына қарай кейбір жапырақтардың сарғайып, жерге түсе бастағанын байқау. Жасыл және сары жапырақтарды салыстырып, күзгі өзгерістер туралы әңгімелесу. **Қимылды ойын:** «Алға артқа». Тәрбиеші «алға», «артқа», «оңға», «солға», «тоқта» деген белгілер береді. Балалар команданы тыңдап, дұрыс орындауға тырысады. **Балалардың дербес әрекеті:** Әткеншекте кезекпен тербелу, өз кезегін күту және қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ауа райы желді болса, ағаштардың қозғалысын әткеншектен бақылау. **Еңбекке баулу:** Әткеншек маңындағы түскен жапырақтар мен қолданылған ойыншықтарды жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қолды жоғары-төмен көтеру қимылдарын орындау.<br>**Еңбекке баулу:** Серуен соңында жалаушаларды және ойын құралдарын жинап, өз орындарына орналастыру. | үшбұрыш және әртүрлі сызықтар салу. Салған суреттері туралы әңгімелеу.<br>**Еңбекке баулу:** Борларды түстеріне қарай жинап, қорабына салу. Сурет салған орынды және пайдаланылған құралдарды ретке келтіру. | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен қайтарда тәрбиеші көмегімен қатарға тұруға үйрету<br>«Адал азамат» «Заң мен тәртіп» | Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету «Адал азамат» «Заң мен тәртіп» | Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету<br>«Адал азамат» «Заң мен тәртіп» | Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу<br>«Адал азамат» «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу | Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. «Адал азамат» «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу |
| **Түскі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Тағамның иісі,дәмі жайлы әңгімелесу<br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге<br>үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу.<br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру.<br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру<br><br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу.<br>Бесік жырын тыңдату.<br>**Салауатты өмір салты** | Өз төсегін тауып жатуға үйрету.<br>Баяу әуен тыңдату.<br>**Салауатты өмір салты** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка | Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету<br>Бесік жырын айту<br>**Салауатты өмір салты** | Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу<br>Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру<br>**Салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қою. **Салауатты өмір салты** | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » **Салауатты өмір салты** | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау **Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау **Салауатты өмір салты** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» **Салауатты өмір салты** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | «Менің отбасым» **Storytelling: «Отбасылық сурет сөйлейді»** Балалар отбасы бейнеленген фотосуреттер мен сюжетті суреттерді қарайды. Отбасы мүшелерін атап, олардың не істеп жатқанын сипаттайды. «Сенің отбасыңда кімдер бар?», «Кіммен бірге ойнағанды ұнатасың?» сұрақтары арқылы шағын әңгіме құрастырады. **Тіл дамыту:** ана, әке, ата, әже, аға, әпке, іні, сіңлі, отбасы, қамқорлық сөздерін қолдану. Сөйлемдегі сөздерді байланыстырып, «Менің әжем мейірімді», «Мен әкеммен серуендеймін» сияқты сөйлемдер құрау. Диалогке қатысуға ынталандыру. **Көркем әдебиет:** отбасы туралы шағын әңгімені тыңдап, негізгі мазмұнын | «Біздің отбасылық дәстүрлер» **Мәдени зерттеу: «Біздің үйде қалай?»** Балалар туған күн, қонақ күту, бірге дастарқан басына жиналу, мерекеге дайындалу бейнеленген суреттерді зерттейді. Өз отбасындағы дәстүр туралы айтып, суреттердегі ұқсастық пен айырмашылықты байқайды. **Тіл дамыту:** дәстүр, мереке, қонақ, дастарқан, сыйлық, құрмет сөздерін белсенді қолдану. «Біздің отбасымыз мерекеде бірге жиналады» сияқты байланысты сөйлемдер айту. | «Отбасындағы еңбек» **Зерттеу-кейс: «Кім не істейді?»** Үй жинау, тамақ әзірлеу, гүл суару, кітап оқу, киім жинау әрекеттері бейнеленген суреттер ұсынылады. Балалар «Бұл жұмысты кім істей алады?», «Сен үйде қалай көмектесесің?» сұрақтарына жауап береді. **Тіл дамыту:** тұрмыстық заттардың қызметін түсіндіру: «Шаңсорғыш үйді тазалау үшін қажет», «Су құятын ыдыспен | «Отбасылық мерекеге дайындық» **STEAM-жоба: «Мерекелік дастарқан»** Балаларға «Отбасымызға қонақтар келеді» деген жағдай ұсынылады. Қанша орын керек, қандай ыдыстар қажет, оларды қайда орналастыру керектігін бірге жоспарлайды. Шағын топтар өз мерекелік дастарқанын құрастырады. **Тіл дамыту:** өз пікірін айту, сұраққа толық жауап беру. «Мен | «Отбасылық театр» **Театрландырылған әңгімелеу: «Қонақ келді»** **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар үй иесі, қонақ, ата, әже, бала рөлдерін таңдап, «Отбасымызға қонақ келді» шағын оқиғасын сахналайды. Амандасу, қонақты қарсы алу, дастарқанға шақыру, көмектесу, алғыс айту әрекеттерін орындайды. **Тіл дамыту:** диалогтік сөйлеуді жетілдіру. Сұрақ қою, жауап беру, әңгімені жалғастыру. «Қош келдіңіз», «Төрге шығыңыз», «Рақмет» сөздерін жағдаятқа сай қолдану. **Көркем әдебиет:** таныс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталап айту. Қысқа өлең жолдарын жатқа айтуға баулу. **Математика негіздері:** отбасы мүшелерінің суреттерінен жиын құру. Екі қатардағы суреттерді жұппен салыстырып, тең немесе тең емес екенін анықтау. Үлкен-кіші, биік-аласа бейнелерді салыстыру. | **Көркем әдебиет:** отбасылық мереке туралы шағын әңгімені тыңдау, кейіпкерлердің әрекетін ретімен айтып беру. **Математика негіздері:** кесе мен тәрелкелерді жұптап орналастыру, тең немесе тең еместігін анықтау. Дөңгелек, төртбұрыш, цилиндр пішінді заттарды табу. | гүл суарамыз». Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстыру. **Көркем әдебиет:** еңбек туралы қысқа өлеңді тыңдау және қайталау. **Математика негіздері:** ұзын-қысқа, кең-тар тұрмыстық заттарды салыстыру. Цилиндр пішінді заттарды табу. Заттарды оң қолмен солдан оңға орналастыру. | кесені оң жаққа қоямын», «Қонаққа тәрелке қажет» сияқты сөйлемдерді қолдану. **Көркем әдебиет:** қонақжа йлық туралы шағын шығарманы тыңдап, негізгі ойын қайталау. **Қазақ тілі:** өтініш, алғыс, сыпайылық сөздерін қолдану: «Өтінемін», «Рақмет», «Қош келдіңіз». Қ, ғ, ү, ұ дыбыстарын анық айту. | әңгіменің мазмұнын рөлдер арқылы қайталап айту, отбасы туралы қысқа өлең немесе санамақты жатқа айту. **Қазақ тілі:** анық, қалыпты қарқынмен сөйлеу. Иллюстрацияға сүйеніп оқиғаның ретін айту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды сөз ішінде дұрыс айту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Тіл дамыту<br>Ойын «Жаңылтпаш айт» жеңіл жаңылтпашты қайталау (мыс: «Қара қарға қарқылдайды»). | Қазақ тілі<br>Ойын «Сөзді жалғастыр» тәрбиеші бастайды: «Алма...», бала: «қызыл алма». | Математика негіздері<br>Ойын «Қайсысы үлкен?» екі затты салыстырып айту (үлкен-кіші). | Қоршаған әлеммен таныстыру<br>Ойын «Жануарды тап» суреттен жануарды көрсетіп, атын атау. | Еңбек<br>Ойын «Таза алаң» еденнен қағаз қиындыларын жинау. |
| **Серуенге дайындық** | Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру | Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жалғастыру. | |
| **Серуен** | Жасыл жарық қызыл жарық»<br>**Мақсаты:** Нұсқауды тыңдау, қозғалысты басқару және белгі бойынша тоқтау дағдыларын дамыту.<br>**Шарты:** «Жасыл жарық» белгісінде балалар алға жүреді немесе жеңіл жүгіреді. «Сары жарық» кезінде қозғалысын баяулатады, «Қызыл жарық» дегенде бірден тоқтайды. Белгілердің реті ауыстырылып отырады | . «Арқан тартыс»<br>**Мақсаты:** Дене күшін, тепе-теңдікті және командалық әрекетті дамыту.<br>**Шарты:** Балалар екі шағын топқа бөлінеді. Белгі бойынша жұмсақ, қауіпсіз арқанды өз жағына қарай тартады. Балаларға арқанды қолынан босатып жібермеу және артқа құламайтындай арақашықтық сақтау ескертіледі. | «Ұшқыштар»<br>**Мақсаты:** Қозғалыс үйлесімділігін, кеңістікте бағдарлауды және белгі бойынша әрекет етуді дамыту.<br>**Шарты:** Балалар қолдарын екі жаққа жайып «ұшақ» болып алаңда қозғалады. Белгіленген кедергілерді айналып өтіп, «әуежайға қону» белгісінде өз орындарына келеді. «Жоғары ұш», «төмен ұш», «бұрыл» сияқты қарапайым нұсқаулар беріледі. | «Допты кім шапшаң жеткізеді?»<br>**Мақсаты:** Допты басқару, жылдамдық және қимыл үйлесімділігін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар допты белгіленген сызыққа дейін аяқпен домалатып немесе қолмен алып жүреді. Межеге жеткен соң допты келесі балаға береді. Ойын эстафета түрінде шағын топпен жүргізіледі. | «Ойыншықтарды жеткіз»<br>**Мақсаты:** Ептілікті, көз мөлшерін және бағыт бойынша қозғалу дағдысын дамыту.<br>**Шарты:** Алаңға бірнеше ойыншық қойылады. Балалар белгі бойынша бір ойыншықтан алып, оны белгіленген шеңберге немесе себетке жеткізеді. Жолда конустарды айналып өтуге болады. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | «Дәрумендер: көкөністер мен жемістер»<br>**Ғылыми эксперимент-зерттеу: «Өнімнің құрылысын зерттейміз»**<br>Балалар алма, алмұрт, қияр, қызанақты сыртынан бақылап, түсін, пішінін, көлемін, қабығының ерекшелігін сипаттайды. Кейін ересек алдын ала қауіпсіз түрде бөліп қойған үлгілердің ішкі құрылысын қарайды. «Қайсысында дән бар?», «Қайсысының іші жұмсақ?», «Қай өнім ұзынша?» деген сұрақтар арқылы салыстырады. Балалар бақылау нәтижесін өз сөздерімен айтады.<br>**Тіл дамыту:** жеміс, көкөніс, қабық, дән, жұмсақ, қатты, шырынды, дөңгелек, сопақ, ұзын сөздерін белсенді қолдану. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айту, сөздерді сөйлем ішінде дұрыс байланыстыру. «Алма дөңгелек, қызыл және ішінде дәні бар», «Қияр жасыл әрі ұзынша» сияқты толық сөйлемдер құрау.<br>**Көркем әдебиет:** жемістер туралы | «Не батады, не қалқиды?»<br>**Эксперимент: «Су және өнімдер»**<br>Балаларға алма, қияр, қызанақ және бірнеше қауіпсіз табиғи үлгі көрсетіледі. Әр өнімді суға салмас бұрын «Бата ма, әлде қалқып тұра ма?» деп болжам жасайды. Кейін тәжірибені бақылайды және өз болжамын нәтижемен салыстырады. Нәтижелерді екі топқа бөледі.<br>**Тіл дамыту:** «Менің ойымша...», «Менің болжамым дұрыс болды», «Бұл өнім су бетінде қалды», «Мынау төменге батты» сөйлеу үлгілерін қолдану. Диалогке қатысып, тәжірибе нәтижесін толық сөйлеммен айту.<br>**Көркем әдебиет:** су немесе табиғат туралы шағын көркем мәтінді тыңдау, мазмұнын сұрақтар арқылы қайталау.<br>**Қазақ тілі:** суда, үстінде, төменде, қалқиды, батады | «Дәрумендерді қалай топтастырамыз?»<br>**Математикалық зертхана: «Бір өнім бірнеше белгі»**<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар жемістер мен көкөністерді алдымен түсіне, кейін пішініне, одан соң көлеміне қарай топтайды. «Қызанақ қай топтарға кіре алады?», «Қызыл әрі дөңгелек қандай өнімдер бар?» деген тапсырмалар арқылы бір заттың бірнеше белгісі болатынын байқайды.<br>**Тіл дамыту:** «бірдей, әртүрлі, ұқсас, дөңгелек, ұзынша, үлкен, кіші» сөздерін қолдану. «Алма мен қызанақ пішіні бойынша ұқсас, бірақ олар | «Жемісте қандай өзгеріс болады?»<br>**Бақылау-эксперимент: «Алма өзгерді»**<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бүтін алма мен алдын ала кесілген алма салыстырылады. Балалар тәжірибе басында оның түсін, сыртқы қалпын бақылайды. Біраз уақыттан кейін кесілген бөліктегі өзгерісті байқайды. «Алдымен қандай болды?», «Кейін не өзгерді?» деген сұрақтарға жауап береді.<br>**Тіл дамыту:** алдымен, кейін, өзгерді, бұрын, қазір сөздерін қолдана отырып оқиғаны ретімен | «Дәрумендер зерттеу орталығы»<br>**STEAM-жоба: «Пайдалы мәзір құрастырамыз»**<br>**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Топта шағын «Дәрумендер зерттеу орталығы» ұйымдастырылады. Балалар зерттеуші, аспаз, сатушы, сатып алушы рөлдерін таңдайды. Өнімдерді белгісі бойынша сұрыптап, пайдалы мәзір құрастырады. Өз таңдаған өнімін сипаттап, неліктен мәзірге қосқанын түсіндіреді.<br>**Тіл дамыту:** сұрақ қою, толық жауап беру және шағын диалог жүргізу. «Мен мәзірге алма қостым, өйткені ол жеміс», «Менің тәрелкемде қызанақ пен қияр бар» сияқты байланысты сөйлемдер қолдану.<br>**Көркем әдебиет:** апта ішінде тыңдалған жемістер мен көкөністер туралы өлеңдер мен санамақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шағын көркем мәтінді тыңдау, негізгі мазмұнын қайталап айту. Мәтіндегі бейнелі сөздерді есте сақтауға ынталандыру. | сөздерін сөйлемде қолдану. Ү, ұ, қ, ғ дыбыстарын анық айту. «Алма су үстінде қалқып тұр» сияқты сөйлемдер құрау. **Математика негіздері:** «бататын заттар» және «қалқитын заттар» жиынын құру. Екі жиынды жұппен қою арқылы тең немесе тең емес екенін анықтау. Нәтиже бейнелерін солдан оңға қарай орналастыру. **Құрастыру:** тәжірибе жүргізуге арналған шағын «зерттеу орталығын» құрылыс бөлшектерінен жасау немесе су ыдысына арналған тұғыр құрастыру. | әртүрлі өнім» сияқты байланысты сөйлемдер айту. **Көркем әдебиет:** жемісте р мен көкөністер туралы қысқа өлең немесе санамақты тыңдап, жатқа айтуға жаттықтыру. **Қазақ тілі:** «қызыл алма», «жасыл қияр», «үлкен асқабақ» сияқты сөз тіркестерін қолдану. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық және қалыпты қарқынмен айту. | баяндау. «Алдымен алма ашық түсті болды, кейін түсі өзгерді» тәрізді сөйлемдер құру. **Көркем әдебиет:** жеміс туралы шағын әңгімені немесе өлеңді тыңдау, есте қалған бөлігін өз сөзімен айту. **Қазақ тілі:** «алдымен» , «кейін», «өзгерді» сөздері арқылы қарапайым әңгіме құрастыру. Ө, ү, і, қ дыбыстарын дұрыс айту. | қайталау, қысқа өлеңді жатқа айту. **Математика негіздері:** жемістер мен көкөністерден әртүрлі жиындар құру. Екі қатарды жұптап, тең немесе тең еместігін анықтау. Үлкен-кіші, ұзын-қысқа өнімдерді салыстыру. Өнімдерді сөреде солдан оңға қарай орналастыру. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Тіл дамыту<br>Ойын «Әңгіме құрастыр» сурет бойынша қысқа әңгіме айту. | Қазақ тілі<br>Ойын «Сөз ойла» тәрбиеші «доп» десе, бала «үлкен доп» деп толықтырады. | Математика негіздері<br>Ойын «Орын ауыстыр» үстелдегі үш затты оңнан солға қою. | «Мен не үйрендім?» бала суреттер арқылы өзі үйренгенді айтып береді. | Ойын «Бұл не?» балаға суреттен немесе заттан көрсетіп, дұрыс атауын айтқызу. |
| **Серуенге дайындық** | Серуен алдында және барысында қауіпсіздік | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс | Өздігінен реттілікпен киіну | Киіміндегі ұқыпсыздықты | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерін сақтау: | пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру | байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. | бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. |
| **Серуен** | «Секіріп өт»<br>**Мақсаты:** Секіру шеберлігін, тепе-теңдікті және қимыл дәлдігін дамыту.<br>**Шарты:** Жерге бірнеше сызық немесе аласа кедергілер қойылады. Балалар екі аяқпен секіріп өтеді, кейін арақашықтық біртіндеп ұлғайтылады. Әр бала өз мүмкіндігіне сай орындайды. | «Жүк тасушылар»<br>**Мақсаты:** Дене күшін, төзімділікті және командалық әрекетті дамыту.<br>**Шарты:** Балалар шағын топтарға бөлініп, жұмсақ қапшықтарды, доптарды немесе текшелерді бір жерден екінші жерге тасиды. Бір бала бір заттан алып, белгіленген орынға жеткізеді. Соңында барлық заттың дұрыс жеткізілгенін бірге тексереді. | «Кім тез жинайды?»<br>**Мақсаты:** Шапшаңдықты, зейінді және заттарды топтастыру дағдысын дамыту.<br>**Шарты:** Алаңға түрлі түсті доптар, текшелер немесе жалаушалар шашылады. Әр топқа бір түс немесе бір түрдегі заттарды жинау тапсырмасы беріледі. Белгі бойынша балалар заттарды өз себетіне жинайды. | «Тосқауылдан өт»<br>**Мақсаты:** Ептілікті, тепе-теңдікті және дене қимылдарын үйлестіруді жетілдіру.<br>**Шарты:** Балалар доғаның астынан еңбектейді, аласа кедергіден аттайды немесе секіреді, сызық бойымен тепе-теңдігін сақтап жүреді. Соңында белгіленген нүктеге жүгіріп барып, қайта оралады. | «Шағын футбол»<br>**Мақсаты:** Допты аяқпен басқару, топпен ойнау және қимыл белсенділігін арттыру.<br>**Шарты:** Балалар екі шағын топқа бөлінеді. Допты аяқпен бір-біріне беріп, қарсы қақпаға бағыттауға тырысады. Ойын қысқа уақыт өткізіліп, допты қолмен ұстауға және бір-бірін итеруге болмайды. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен | Дербестікке дағдыландыруға, | Өзіне қызмет көрсетуге, | Кір киімдерді тәрбиешіге | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Математика негіздері:** өнімдерді түсі, пішіні, өлшемі бойынша жиындарға бөлу. Екі қатардағы өнімдерді жұппен қойып, тең немесе тең емес екенін анықтау. Ұзын-қысқа, кең-тар, үлкен-кіші өнімдерді салыстыру. Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш және цилиндр пішіндерін қоршаған орта заттарымен сәйкестендіру. **Құрастыру:** құрылыс материалдарынан жемістер мен көкөністерді орналастыратын сұрыптау сөресін немесе шағын дүңгіршек жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өсімдік өнімдерінің сыртқы және | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** табиғи өнімдердің кейбір қасиеттерін бақылау арқылы білуге мүмкіндік беру. Болжам жасау, тәжірибе жүргізу және нәтижені салыстыруға қызығушылық қалыптастыру. **Сурет салу:** «Судағы жемістер» тақырыбында су бетінде және су астында орналасқан заттарды бейнелеу. **Мүсіндеу:** тәжірибеде қолданылған бір жеміс пен бір көкөністің көлемді үлгісін жасау. **Жапсыру:** қағаздың жоғарғы бөлігіне «су | **Математика негіздері:** жиын, теңдік және теңсіздік ұғымдарын бекіту. Екі қатардағы өнімдерді жұптау. Өнімдерді пішіні, түсі және өлшемі бойынша әртүрлі жиындарға бөлу. Дөңгелек, төртбұрыш және цилиндрді сипап сезу арқылы тану. **Құрастыру:** бірнеше бөліктен тұратын сұрыптау сөресін лего немесе құрылыс | **Математика негіздері:** тәжірибе кезеңдерінің суреттерін ретімен орналастыру. «Бұрын кейін», «кеше бүгін ертең» ұғымдарын қолдану. Бүтін және жарты бөлікті көрнекі түрде салыстыру. **Құрастыру:** жемістерді сақтауға арналған жәшік немесе сөре құрастыру, оның көлемін өнімдерге сай таңдау. | **Құрастыру:** құрылыс материалдары мен қалдық қораптардан «Дәрумендер кафесінің» сөресін, үстелін немесе өнім қоятын орын жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** көкөністер мен жемістерді тағам ретінде пайдалану, оларды жуып жеу, өнімдерді ұқыпты қолдану туралы түсініктерді бекіту. **Сурет салу:** «Менің пайдалы мәзірім» тақырыбында бірнеше өнімнен композиция салу. Пішіні мен көлемдік арақатынасын көрсету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ішкі ерекшеліктерін бақылауға қызығушылық қалыптастыру. Табиғат өнімдеріне ұқыпты қарау және оларды жемес бұрын жуу керектігін түсіндіру.<br>**Сурет салу:** көлемі әртүрлі жемістерді бір композицияға орналастырып салу. Үлкен алма мен кіші алманың көлемдік арақатынасын көрсету, жұмыс орнын таза ұстау.<br>**Мүсіндеу:** ермексаздан дөңгелектеу, созу, жалпақтау тәсілдері арқылы алма, алмұрт, қияр жасап, шағын «Дәрумендер себеті» композициясын құрастыру.<br>**Жапсыру:** шаршының бұрыштарын жұмырлап дөңгелек, тікбұрыштың бұрыштарын жұмырлап сопақша пішін қиып, жемістер мен көкөністер бейнесін жасау. Қайшыны дұрыс және қауіпсіз пайдалану. | үстінде», төменгі бөлігіне «су астында» орналасқан өнімдердің бейнелерін орналастыру.<br>**Қорытынды:** балалар «Мен алдымен ... деп ойладым, тәжірибеде ... болды» сөйлемін аяқтайды. | бөлшектерінен жасау.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** көкө ністер мен жемістердің сыртқы белгілерінің алуан түрлілігіне назар аудару, табиғаттағы әртүрлілікті бағалауға баулу.<br>**Сурет салу:** әртүрлі көлемдегі және пішіндегі жемістерден композиция құрау, заттардың қағаз бетінде орналасуын ойластыру.<br>**Мүсіндеу:** бірне ше өнімді көлемі жағынан әртүрлі етіп жасап, «Дәрумендер себеті» композициясына біріктіру.<br>**Жапсыру:** балал ар өздері қиған дөңгелек және сопақша пішіндерді белгісіне қарай | **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өні мдерді дұрыс сақтау, таза ұстау, тағамға ұқыпты қарау туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Сурет салу:** «Бүтін алма және кесілген алма» салыстырмалы суретін салу.<br>**Мүсіндеу:** бүтін және екіге бөлінген жемістің көлемді бейнесін жасап, ішкі бөлігін көрсету.<br>**Жапсыру:** өнім нің «алдымен кейін» өзгерісін екі бөлікке бөліп бейнелейтін композиция жасау.<br>**Қорытынды:** б алалар бақылаған өзгерісті 2–3 сөйлеммен айтып береді. | **Мүсіндеу:** бірнеше жеміс пен көкөністен ортақ көлемді «Пайдалы тәрелке» композициясын жасау.<br>**Жапсыру:** қайшыны дұрыс ұстап, шаршыдан дөңгелек, тікбұрыштан сопақша пішіндер қиып, жеміс-көкөністерден «Пайдалы тәрелке» композициясын жасау. Жұмысты ұқыпты орындап, қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Қорытынды:** балала р өз мәзірін таныстырып, «Мен таңдаған өнім...», «Оның пішіні...», «Оның түсі...» деген сөйлемдер арқылы апта бойғы білімдерін бекітеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дұрыс топқа орналастырады. **Қорытынды:** әр бала бір өнімді таңдап, оны кемінде екі белгісі арқылы сипаттайды. | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Бүгін өзің көп нәрсе жасапсың» деп нақты жетістігін атаңыз. Балаға «үлкенсің» дегеннен гөрі оның нақты әрекетін мақтаған дұрыс. | Баланың ең кішкентай жетістігін де байқап, «Бүгін өзің киініпсің», «Досыңа көмектесіпсің» деп нақты атап өтіңіз. | «Мен сені сағындым, сені көргеніме қуаныштымын» деп жылы сезіміңізді білдіріңіз. Сонымен бірге баланың өз сезімін айтуына мүмкіндік беріңіз. | Баладан үйренген бір жаңалығын айтып немесе көрсетіп беруін сұраңыз. Оны түзете бермей, алдымен тыңдап, соңынан жылы қолдау білдіріңіз | Таңертең айтқан жоспарын есіне түсіріп, оның орындалғанын бірге талқылаңыз. «Не ұнады?», «Келесі жолы не істегің келеді?» деп сұрауға болады. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Қыркүйек айы**
**5 апта**

Апта дәйексөзі
«Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте»

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 28.09.2026 | Сейсенбі 29.09.2026 | Сәрсенбі 30.09.2026 | Бейсенбі 01.10.2026 | Жұма 02.10.2026 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** Күй күмбірі»: Балалық шақ » күйін тыңдау балалардың күйді эмоционалды қабылдауын, ұлттық музыкаға қызығушылығын қалыптастыру | **«Бүгінгі таңдауым»** бала бірнеше көңілді суреттің арасынан өзіне ұнағанын таңдап, таңдауын қысқаша түсіндіреді. | **«Қуаныш шеңбері»** балалар қол ұстасып, бір-біріне күлімдеп, жақсы күн тілейді. Топтық бірлікті қалыптастыру. | **«Комплимент күні»** әр балаға тәрбиеші немесе досы бір жағымды сөз айтады. Өзара сыйластық пен сенімділікті арттыру. | **«Қуаныш қақпасы»** бала топқа кірерде смайлик, жүрекше, алақан немесе жұлдызша белгілерінің бірін таңдап, сол белгіге сай амандасады. | **«Сиқырлы қорапша»** бала қорапшадан көңілді тапсырма таңдайды: күлімсіреу, досына қол бұлғау, жақсы тілек айту немесе ерекше қимылмен амандасу. Балалардың таңғы көңіл күйін көтеріп, еркін қарым-қатынас жасауға ынталандыру. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланы құшақтап, «Күнің сәтті өтсін, бүгін жақсы күн болады» деп жылы тілек айтыңыз. Қоштасуды сенімді әрі қысқа ұстаңыз. | Баланың киімінің таза, ауа райына сай және қозғалысына ыңғайлы болуын қадағалаңыз. Киімін таңдауға баланың өзін де қатыстырыңыз. | Баланы балабақшаға асықтырмай, сабырлы түрде әкелуге тырысыңыз. Таңғы уақытта асығыстықты азайту үшін киім мен қажетті заттарды кештен дайындап қойған пайдалы. | Балаға жылы сөз айтып, күлімдеп қарсы алыңыз. «Сенің бүгінгі күнің жақсы өтетініне сенемін» деп жағымды көңіл күй қалыптастырыңыз. | «Сен батылсың, ұқыптысың, достарыңмен жақсы ойнай аласың» сияқты сенімділік беретін жылы сөздер айтыңыз. Баланы басқа балалармен салыстырмай, өзінің жақсы қасиеттеріне назар аударыңыз. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) «Өнегелі 15 минут»** | **«Бәріміз теңбіз»** Тәрбиеші балаларға ойыншықтарды бөліп береді. Әр балаға кезек пен мүмкіндік беріледі. «Бір-бірімізді шеттетпейміз» деп түсіндіреді. **Буллингтің алдын алу** | **«Құрылысшы және сәулетші»** Балалар алдымен қандай үй құрастыратынын ойлап, кейін текшелермен жасайды. Тәрбиеші құрылысшы мен | **«Белгіні таны»** Тәрбиеші тоқтау, жаяу жүргінші жолы, бағдаршам сияқты қарапайым жол белгілерін көрсетеді. Балалар белгіге | **«Ұзын қысқа, биік аласа»** Балалар таяқшалар мен текшелерді салыстырып, ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарын | **«Мамандықты тап»** Тәрбиеші мамандыққа қатысты құралдарды көрсетеді: аспазға қасық, дәрігерге стетоскоп, құрылысшыға каска. Балалар құралды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сәулетшінің еңбегі туралы қарапайым түсінік береді.<br>**Еңбек және кәсіпке баулу** | сәйкес әрекет жасайды.<br>**Заң мен тәртіп** | тәжірибе арқылы ажыратады.<br>**STEM** | тиісті мамандықпен сәйкестендіреді.<br>**Еңбек және кәсіпке баулу / Тіл дамыту** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **«Шапалақ жоғарыда»** қолды жоғары көтеріп, бастың үстінде алақанды шапалақтау, қайта төмен түсіру. **6 рет.**<br>**«Алға еңкей»** аяқ иық көлемінде, қол белде, алға еңкейіп қайта тұру. **6 рет.**<br>**«Көңілді секіру»** екі аяқпен орнында жеңіл секіру. **8–10 рет.**<br>**«Құстар қонады»** қолды қанат сияқты жайып қозғалып, белгі бойынша отырып немесе белгіленген орынға тоқтау.<br>Соңында баяу жүру және терең тыныс алу.<br>**Салауатты өмір салты** | **«Қолды жанға соз»** қолды екі жаққа созып, бастапқы қалыпқа түсіру. **6 рет.**<br>**«Оңға–солға бұрыл»** қол белде, денені кезекпен екі жаққа бұру. **6 рет.**<br>**«Жеңіл жүгіру»** орнында немесе шеңбер бойымен бірқалыпты жүгіру. **20–25 секунд.**<br>**«Құстар мен мысық»** балалар құс болып аланда қозғалады, белгі бойынша қауіпсіз орынға жиналады.<br>Соңында аяқ ұшымен баяу жүру.<br>**Салауатты өмір салты** | **«Қол жоғары қол төмен»** қолды жоғары көтеріп, баяу төмен түсіру. **6 рет.**<br>**«Басымызды бұрамыз»** басты оңға, солға және сәл төмен бұру. Әр бағытқа **4 рет.**<br>**«Отырып-тұрамыз»** қол алда, жартылай отырып қайта тұру. **6 рет.**<br>**«Жел мен ағаш»** қол жоғарыда, денені оңға-солға баяу тербету.<br>Соңында қолды жоғары көтеріп тыныс алу, төмен түсіріп дем шығару.<br>**Салауатты өмір салты** | **«Иықтарды айналдыр»** қол белде немесе иықта, иықты алға және артқа айналдыру. **4–5 реттен.**<br>**«Қолдар айналады»** қолды екі жаққа созып, кіші шеңберлер жасау. **5–6 рет.**<br>**«Қояндар секіреді»** екі аяқпен орнында немесе аздап алға секіру. **6–8 рет.**<br>**«Күн мен түн»** «Күн» дегенде балалар қозғалады, «Түн» дегенде тоқтап, тыныш қалыпта қалады.<br>Соңында баяу жүріп тынысты реттеу.<br>**Салауатты өмір салты** | **«Терең тыныс аламыз»** қолды жанынан жоғары көтеріп дем алу, төмен түсіріп дем шығару. **4 рет.**<br>**«Еденге қол жеткіз»** аяқ алшақ, алға еңкейіп саусақпен еденге жетуге талпыну, қайта тұру. **5–6 рет.**<br>**«Жеңіл жүгіру»** шеңбер бойымен немесе орнында бірқалыпты жүгіру. **20–25 секунд.**<br>**«Құстар ұшты»** қолды қанат сияқты жайып жүру, жеңіл жүгіру және тәрбиешінің белгісі бойынша тоқтау.<br>Соңында бір қатармен баяу жүріп, тынысты қалыпқа келтіру.<br>**Салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты** | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік** | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталықтардағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.** | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» «Заң мен тәртіп».** | Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағдыландыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.** | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Қазақ тілі** **Сөздік жұмыс:** Көмектесейік, бөлісейік, кезекпен, бірге, келісемін, менің ойымша. **Сөйлеу жаттығуы:** Балалар өз ұсынысын «Менің ойымша...», «Мен ... ұсынар едім» үлгілері арқылы айтады. Педагог | **Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға-жанға сермеу, тізені жоғары көтеру, аяқ ұшына көтерілу, орнында жүгіру. **Негізгі қимылдар:** Баяу жүру жылдам адым жеңіл жүгіру | **Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Допты жоғары көтеру, жанға беру, тізе маңына түсіру, денені бұру, отырып-тұру. | **Музыка** **Кіріспе бөлім:** Балаларды өткен сабақтардағы сүйікті музыкаларын еске түсіруге шақыру, қысқа | **Дене тәрбиесі** **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Ай бойы таныс жаттығулар: қолды көтеру, жанға созу, денені бұру, аяқ ұшына көтерілу, тізені бүгу-жазу. 4 реттен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылы, сабырлы сөйлеу мәнерін қолдайды.<br>**Ұжымдық әңгіме:** «Ортақ шешім» — топ бір жағдаятты талқылап, кезекпен пікір айтып, ортақ шешімге келеді.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қайсысы дұрыс?» — педагог екі әрекетті сипаттайды, балалар қай әрекет дұрыс екенін түсіндіріп айтады. | қайта жүру ретімен қозғалу; белгіде тоқтау.<br>**Ырғақтық жаттығу:** Баяу соққыда жүру, жиі соққыда жеңіл жүгіру.<br>**Қимылды ойын:** «Ырғақты қуып жет» дыбыс қарқынына сай қозғалысты өзгерту. | **Негізгі қимылдар:** 1-бекет: жұбына домалату; 2-бекет: төменнен лақтыру; 3-бекет: екі қолмен қағып алуға әрекет ету. Әр бекетте 2–3 қайталау.<br>**Ырғақтық жаттығу:** «Домалат лақтыр қағып ал» ырғағымен әрекеттерді ретімен орындау.<br>**Қимылды ойын:** «Доп шеберлері» үш шағын тапсырманы кезекпен орындау | пікірлерін тыңдау.<br>**Музыка тыңдау:** «Біз шадыман баламыз» Ә. Бейсеуов, С. Қалиев. Шығарманы толық тыңдап, көңілді сипатын анықтау және не ұнағанын әңгімелеу.<br>**Ән айту:** «Балдырғандар әні» Б. Дәлденбай. Ай бойы қалыптасқан тыңдау және бірге орындау дағдыларын бекіту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Кел билейік» Б. Байқадамов, М. Әлімбаев және «Жалаушамен би» Е. Брусиловский элементтері. Баяу-жылдам, басталу-аяқталу белгілеріне | **Негізгі қимылдар:** 1) өкшемен және адымдап жүру; 2) жүру-жүгіруді алмастыру; 3) сызық арасымен және тақтай бойымен тепе-теңдік сақтау; 4) шеңбер бойымен жүгіру; 5) допты домалату, төменнен лақтыру және қағып алу.<br>**Ырғақтық жаттығу:** «Жүр жүгір тоқта доппен ойна» қимыл тізбегі.<br>**Қимылды ойын:** «Көңілді бекеттер» балалар 4–5 қысқа бекеттен кезекпен өтеді<br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Достық» И. Нүсіпбаев, Е. Елубай және «Мерекелік марш» Б. Дәлденбаев шығармаларынан қысқа үзінділер. Таныс шығарманы атауға, сипатын айтуға ынталандыру.<br>**Ән айту:** «Достық» тақырыбындағы таныс әнді педагогпен бірге қайталау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сәйкес қимыл жасау.<br>**Музыкалық ойын:** «Музыка не дейді?» көңілді, баяу, қатты, ақырын үзінділерді тыңдап, тиісті карточканы/қимылды таңдау | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Кел билейік» Б. Байқадамов, М. Әлімбаев. Музыка басталғанда қимылдап, тоқтағанда қимылды аяқтау. |
| **Серуенге дайындық** | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру. Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру.<br>**Салауатты өмір салты** | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** |
| **Серуен** | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектің салқындай бастаған күніндегі ағаш діңін бақылау. Ағаш діңіндегі қынаны немесе мүкті сырттай қарау. Түсін, пішінін және қай бөлікте орналасқанын сипаттау. Жаңбырлы немесе дымқыл ауа райынан кейін олардың түсі айқынырақ көрінуі мүмкін екенін байқау. Қына мен мүкті жұлуға болмайтынын түсіндіру. | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектің соңындағы ауа райын бақылау. Таңертеңгі ауа райының бұрынғыдан салқындау болуы мүмкін екенін байқау. Күзде күннің біртіндеп қысқара бастайтынын қарапайым түрде түсіндіру. Кешке күннің ертерек бататынын айту. «Қазір қай мезгіл?», | **Бақылау, зерттеу:** Ағаштардағы жапырақтардың азаюын бақылау. Бұтақтардың біртіндеп көріне бастағанын, жерде түскен жапырақтардың көбейгенін байқау. Жасыл, сары және қоңыр жапырақтарды салыстыру. Желді күні | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйек соңындағы аспанды бақылау. Аспанның түсін, бұлттардың көлемін, пішінін және қозғалысын сипаттау. Аспанның ашық, ала бұлтты немесе бұлтты екенін | **Бақылау, зерттеу:** «Күзгі жапырақтар». Қыркүйек бойында жапырақтарда болған өзгерістерді қорытындылап бақылау. Жапырақтардың түсін, пішінін, көлемін және жиектерін салыстыру. Жасыл, сары, сарғыш, қоңыр жапырақтарды тауып, бір ағаштың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын:** «Қуып жет». Бір бала жүргізуші болады, қалғандары белгіленген аумақта қозғалады. Жүргізуші бір балаға қолымен жеңіл тигізгеннен кейін рөл ауысады. Ойын кезінде итеруге және киімнен ұстауға болмайды.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Ірі конструктормен көпқабатты үй, көпір, мұнара немесе көлік жолын құрастыру. Бірнеше баланың құрылысын біріктіріп, ортақ ойын ұйымдастыру.<br>**Еңбекке баулу:** Алаңдағы ойын құралдарын жинау. Қауіпсіз қағаз қалдықтары мен түскен жапырақтарды арнайы жәшікке немесе белгіленген орынға салу. | «Күн жылы ма, салқын ба?», «Ағаштарда қандай өзгеріс бар?» деген сұрақтар арқылы ай бойы жүргізілген бақылауларды еске түсіру.<br>**Қимылды ойын:** «Құстар қайда қонды?». Балалар құс болып алаңда қозғалады. Белгі бойынша алдын ала белгіленген «ағаштарға», «ұяларға» немесе құрсауларға барып тұрады. Белгіні мұқият тыңдап, жылдам бағдарлауға жаттығады.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Құмнан қамал, көпір, көлік жолы, аула жасау. Құрылыстарын бір-бірімен жалғап, ортақ сюжет құру. Дымқыл және құрғақ құмның қасиеттері туралы бұрынғы бақылауларын ойында пайдалану.<br>**Еңбекке баулу:** Жерге түскен жапырақтарды шағын топпен жинап, бір жерге үйіп қою. | жапырақтардың ағаштан үзіліп, ауада айналып жерге түсетінін бақылау. Ағаштардың күзгі өзгерістерін балаларға түсінікті тілмен әңгімелеу.<br>**Қимылды ойын:** «Қарлығаштар ұшты». Балалар құстар болып қолдарын қанат сияқты жайып қозғалады. Тәрбиешінің «ұшты», «қонды», «ұяға» белгілеріне сәйкес қимылдарын өзгертеді.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Ірі текшелерден үй, қоршау, көпір немесе жол жасау. Бір-бірінің құрылысына бөлшектер қосып, ортақ құрылыс ұйымдастыру.<br>**Еңбекке баулу:** Құмсалғы | ажыратуға талпыну. Желдің бұлттарды қозғалтатынын еске түсіру. Күннің аспандағы орнын қауіпсіз бақылап, күнге тік қарамау керектігін бекіту. Ай басындағы және қазіргі ауа райының айырмашылығы туралы қарапайым әңгімелесу.<br>**Қимылды ойын:** «Құстар ұшты». «Ұшты!» дегенде балалар қолдарын жайып жеңіл жүгіреді, «қонды!» дегенде тоқтап, төмен отырады. «Ұяға!» деген белгі бойынша белгіленген орындарына жиналады. Бір-бірімен соқтығыспауға | бірнеше жапырағының ұқсастығын анықтау. Жел соққанда жапырақтардың қозғалуын және жерге түсуін бақылау. «Қыркүйектің басында жапырақтар қандай еді?», «Қазір қандай түстер көбейді?», «Неліктен жерде жапырақ көп?» деген қарапайым сұрақтар арқылы күз туралы түсініктерін бекіту.<br>**Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр». Балалар қоян болып белгіленген алаңда қос аяқпен секіріп қозғалады. «Қасқыр келді!» деген белгіде қауіпсіз «үйшіктеріне» қарай жүгіреді. Қасқыр рөліндегі бала ешкімді итермей, қолмен жеңіл тигізу арқылы ғана ұстайды.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Құмшелек, күрекше және қалыптармен әртүрлі құрылыстар жасау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Балаларға арналған тырма, күрекше мен шелекті ретімен және қауіпсіз пайдалану. | штағы күрекше, шелек және қалыптарды жинау, құмнан тазалап, арнайы қорапқа орналастыру. Құмсалғыш айналасындағы түскен жапырақтарды жинау. | назар аударылады. **Балалардың дербес әрекеті:** Жеңіл доптарды жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттығу. Допты жұппен бір-біріне лақтырып, неше рет түсірмей қағып алғанын санау. **Еңбекке баулу:** Алаңдағы түскен жапырақтар мен қауіпсіз қоқыс қалдықтарын ересектің бақылауымен арнайы құрал арқылы жинау. Шыны, өткір немесе белгісіз заттарды ұстамау ережесін бекіту. | Құмнан пішіндер, жолдар, қоршаулар құрастырып, бір-біріне көрсету. Табиғи материалдардан жапырақтар мен қауіпсіз бұтақшаларды пайдаланып, ойын мазмұнын толықтыру. **Еңбекке баулу:** Түскен күзгі жапырақтарды балаларға арналған тырма, күрекше және шелектермен жинау. Жапырақтарды белгіленген орынға тасу. Жұмыс аяқталған соң еңбек құралдарын тазалап, өз орындарына жинау. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен қайтарда тәрбиеші көмегімен қатарға тұруға үйрету | Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету | Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету | Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу | Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Тағамның иісі,дәмі жайлы әңгімелесу | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. | Мәдени-гигиеналық дағдылар.<br>Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. | Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу.<br>Бесік жырын тыңдату.<br>**Салауатты өмір салты** | Өз төсегін тауып жатуға үйрету.<br>Баяу әуен тыңдату.<br>**Салауатты өмір салты** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.<br>**Салауатты өмір салты** | Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету<br>Бесік жырын айту<br>**Салауатты өмір салты** | Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу<br>Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру<br>**Салауатты өмір салты** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу »<br>**Салауатты өмір салты** | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау<br>**Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау<br>**Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау<br>**Салауатты өмір салты** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу»<br>**Салауатты өмір салты** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | «Тұқымнан өнімге дейін»<br>**Бақылау-зерттеу: «Өсімдіктің өсу жолы»**<br>Балаларға тұқым, өскін, жас өсімдік, гүл және піскен өнім бейнеленген суреттер ұсынылады. Суреттерді дұрыс ретпен орналастырып, әр кезеңдегі өзгерісті сипаттайды. «Өнім бірден пайда бола ма?», «Өсімдікке не қажет?», «Бағбан не істейді?» сұрақтары арқылы себеп-салдарлық байланыс орнатылады.<br>**Тіл дамыту:** тұқым, өскін, өсімдік, гүлдеу, пісу, өнім, еңбек сөздерін қолдану. «Алдымен тұқым егіледі, кейін өскін шығады» сияқты байланысты сөйлемдер құрау. Үнді және ызың дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>**Көркем әдебиет:** өсімдіктің өсуі немесе еңбек туралы шағын әңгімені тыңдау, иллюстрация бойынша мазмұнын ретімен қайталап айту.<br>**Математика негіздері:** өсу кезеңдерін ретімен орналастыру. Кішкентай өскін мен үлкен өсімдікті | «Қай суару жолы тиімді?»<br>**STEM-инженерлік зерттеу: «Суды өсімдікке жеткіземіз»**<br>Балаларға «Бақшаның алыс бөлігіндегі өсімдікке суды қалай жеткізуге болады?» деген мәселе ұсынылады. Олар әртүрлі ұзындықтағы және енді арналардың моделін жасайды. Қай жол қысқа, қайсысы кең, қай бағыт тиімді екенін талқылап, өз болжамдарын айтады.<br>**Тіл дамыту:** суару, арна, ағын, ұзын, қысқа, кең, тар, бағыт сөздерін қолдану. «Менің ойымша, су кең арнамен жақсы өтеді» сияқты толық сөйлемдер құрастыру.<br>**Көркем әдебиет:** бағбан еңбегі туралы шағын мәтінді тыңдап, негізгі ойын айтып беру.<br>**Математика негіздері:** ұзын-қысқа, кең-тар арналарды салыстыру. Алға-артқа, оңға-солға, | «Өнімді қалай дұрыс жинаймыз?»<br>**Зерттеу-кейс: «Бағбанның шешімі»**<br>Балаларға қызанақ, қияр, сәбіз, асқабақ, алма үлгілері және әртүрлі көлемдегі себеттер мен жәшіктер ұсынылады. «Қай өнімді қай ыдысқа салған дұрыс?», «Ұзын өнімге қандай жәшік ыңғайлы?», «Қай себетте өнім көп?» деген тапсырмалар орындалады. Балалар өнімдерді сұрыптап, өз шешімдерін түсіндіреді.<br>**Тіл дамыту:** себет, жәшік, өнім, жинау, сұрыптау, сақтау, тасымалдау сөздерін қолдану. «Мен сәбізді ұзын жәшікке | «Күзгі бақша зертханасы»<br>**STEAM + табиғи материалдармен дизайн**<br>Балалар жапырақ, дән, жіп, мата, қағаз, қақпақ, қыстырғыш сияқты материалдарды зерттейді. Олардың түсін, пішінін, қаттылығын, жұмсақтығын салыстырады. «Қай материалдан ағаш жасауға болады?», «Қайсысы өнімге ұқсайды?» деген сұрақтар арқылы композиция жоспарын құрып, «Күзгі бақша» жасайды.<br>**Тіл дамыту:** табиғи және қалдық материалдардың қасиеттерін сипаттау: | «Күзгі өнім жәрмеңкесі»<br>**Жобалық-рөлдік жұмыс: «Өнім жолы бақшадан жәрмеңкеге дейін»**<br>Топта «Күзгі өнім жәрмеңкесі» ұйымдастырылады. Балалар бағбан, зерттеуші, сұрыптаушы, сатушы, сатып алушы және безендіруші рөлдеріне бөлінеді. Бағбандар өнім жинайды, зерттеушілер оның түсі, пішіні, көлемін сипаттайды, сұрыптаушылар өнімдерді топтайды, сатушылар сөреге орналастырады, сатып алушылар сұрақ қойып, қажетті өнімді таңдайды.<br>**Тіл дамыту:** әңгімеге еркін қатысу, сұрақ қою, жауап беру және өз пікірін түсіндіру. «Бұл бақшада өскен қияр. Ол жасыл және ұзын», «Біз өнімді алдымен жинадық, кейін сұрыптадық» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салыстыру. Екі қатардағы суреттерді жұптау арқылы тең немесе тең емес екенін анықтау. «Кеше бүгін ертең» ұғымдарын байланыстыру. | жоғары-төмен бағыттарын анықтау. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөзбен белгілеу. | салдым, себебі...» сөйлемін жалғастыру. Сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстыру. **Көркем әдебиет:** күзгі еңбек туралы қысқа өлеңді тыңдау және жатқа айтуға баулу. | жұмсақ, қатты, тегіс, бұдыр, ұзын, қысқа, үлкен, кіші. Өз ойын толық сөйлеммен жеткізу. **Көркем әдебиет:** күз туралы көркем өлеңді тыңдау, бейнелі сөздерді есте сақтау және бірнеше жолын жатқа айту. **Математика негіздері:** фигу раларды көру және сипап сезу арқылы тану. Материалдарды өлшемі бойынша салыстыру. Нысандардың орнын «оң жағында, сол жағында, алдында, артында» сөздерімен белгілеу. | сияқты байланысты сөйлемдер құрастыру. Үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды бекіту. **Көркем әдебиет:** күз, еңбек, бақша туралы қысқа өлеңдер мен санамақтарды жатқа айту. Таныс әңгіменің мазмұнын сурет арқылы қайталау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Математика негіздері 1–5 дейінгі сандарды заттармен сәйкестендіру. | Геометриялық пішіндер: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңберді салыстырып, заттардан табу | Логикалық ойын: «Артық затты тап» (3 суреттен артықшасын табу). | Кеңістік бағдарлау үстінде, астында, жанында | Түрлі түстерді реттілікпен орналастыру (қызыл–сары–жасыл). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұғымдарын ойын арқылы бекіту. | |
| **Серуенге дайындық** | Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру | Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды  үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. |
| **Серуен** | «Күзгі жапырақтарды жина» **Мақсаты:** Жылдамдықты, зейінді және түстерді ажырату дағдысын дамыту. **Шарты:** Алаңға сары, қызыл, қоңыр түсті қағаз жапырақтар шашылады. Тәрбиеші бір түсті атайды, балалар сол түстегі жапырақтарды тауып, белгіленген себетке жинайды. Кейін басқа түске ауысады. | «Құстар жылы жаққа ұшады» **Мақсаты:** Жүру мен жүгіруді үйлестіру, кеңістікте бағдарлау және топпен қозғалу дағдысын дамыту. **Шарты:** Балалар құстар болып қолдарын екі жаққа жайып алаңда қозғалады. Тәрбиеші көрсеткен бағыт бойынша «жылы жаққа» ұшады, жолдағы кедергілерді айналып өтеді. «Қон!» деген белгіде белгіленген орынға тоқтайды. | . «Жел мен жапырақтар» **Мақсаты:** Белгі бойынша қимылды өзгерту, қозғалыс ырғағын және зейінді дамыту. **Шарты:** Балалар күзгі жапырақтар болып алаңда еркін қозғалады. «Жел баяу соқты» дегенде жай жүреді, «жел күшейді» дегенде жеңіл жүгіреді, «жел тоқтады» дегенде қимылсыз қалады. | «Жаңбырдан қаш» **Мақсаты:** Жылдам әрекет ету, кеңістікте бағдарлау және белгі бойынша қозғалу дағдысын жетілдіру. **Шарты:** Балалар алаңда еркін жүреді немесе ойнайды. «Жаңбыр басталды!» дегенде белгіленген «үйшіктерге» немесе құрсауларға қарай жүгіреді. «Күн шықты!» | «Күзгі эстафета» **Мақсаты:** Жүгіру, секіру, затты алып жүру дағдыларын бірізді орындауға және топпен әрекет етуге үйрету. **Шарты:** Балалар шағын топтарға бөлінеді. Белгі бойынша белгіленген жерге дейін жүгіріп, құрсаудан секіріп өтеді, бір «күзгі жапырақты» алып, себетке салып, бастапқы орнына қайтады. Келесі бала ойынды жалғастырады. Қимылдардың дұрыс әрі қауіпсіз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дегенде қайта алаңға шығып қозғалысын жалғастырады. | орындалуына көңіл бөлінеді. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбек ке баулу** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбе кке баулу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу<br><br>**Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Құрастыру:** табиғи материалдар мен құрылыс бөлшектерін біріктіріп, «Өсіп келе жатқан бақша» моделін жасау. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** өсімдіктің өсуі мен адам еңбегінің байланысын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге, еңбектің нәтижесін бағалауға баулу. **Сурет салу:** «Күзгі бақша» тақырыбында биік өсімдік, одан аласа | **Құрастыру:** лего, пластина және кірпіштерден суару жүйесінің моделін жасау. Пластиналарды тігінен, бөлшектерді көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** бақшада ғы суару еңбегінің маңызын түсіндіру, адамның табиғатқа күтім жасауы қажеттігін ұғындыру. | **Қазақ тілі:** «Мен қиярды жәшікке салдым», «Сәбізді себетке жинадым» сөйлемдерін қолдану. Сөздерді септеп, тәуелдеп қолдануға жаттықтыру. **Математика негіздері:** өнімде рді екі қатарға орналастырып, жұппен салыстыру. Тең | **Құрастыру:** таб иғи және қалдық материалдардан күзгі бақша композициясын жасау. Қағазды бүктеу, шиыршықтау тәсілдерін қолдану. **Қоршаған әлеммен таныстыру:** кү згі табиғат пен адам еңбегінің байланысын | **Математика негіздері:** өнімдерде н әртүрлі жиындар құру. Екі қатардағы өнімдерді жұппен салыстырып, тең немесе тең емес екенін анықтау. Ұзын-қысқа, үлкен-кіші, кең-тар белгілерін салыстыру. Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш және цилиндрді тану. Өнімдерді сөреде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұта және гүлдердің көлемдік арақатынасын сақтап бейнелеу.<br>**Мүсіндеу:** тұқым, өскін және дайын өнімнен қарапайым көлемді композиция жасау.<br>**Жапсыру:** «Тұқымнан өнімге дейін» кезеңдерін ретімен орналастырып, қағаз бетінде композиция құрастыру. | **Сурет салу:** суару жүйесінің қарапайым сызбасын жасау, су бағытын сызықтармен көрсету.<br>**Мүсіндеу:** өсімдік пен су құятын ыдыстың көлемді үлгісін жасау.<br>**Жапсыру:** ұзын және қысқа жолақтарды қиып, «Бақшадағы су жолы» композициясын құрастыру.<br>**Қорытынды:** балалар «Қай жол тиімді болды? Неліктен?» сұрағына өз шешімін түсіндіреді. | немесе тең емес екенін анықтау. Ұзындығы мен ені бойынша өнімдер мен ыдыстарды салыстыру.<br>**Құрастыру:** қора п, қақпақ және басқа қалдық материалдардан өнім сақтайтын жәшік немесе себет тұратын орын жасау.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** күзг і өнім жинау еңбегінің кезеңдерімен таныстыру, еңбек нәтижесіне ұқыпты қарау, үлкендердің еңбегін бағалау.<br>**Сурет салу:** «Өнімге толы себет» композициясын салу, заттардың көлемдік арақатынасын көрсету.<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру** | түсіну. Табиғи материалдарды ұқыпты пайдалану және қоршаған ортаға қамқорлық жасау.<br>**Сурет салу:** биік ағаш, одан аласа бұта, бұтадан аласа гүл арақатынасын сақтап «Күзгі бақша» суретін салу.<br>**Мүсіндеу:** күзгі өнімдерді көлемді түрде жасап, ортақ композицияға біріктіру.<br>**Жапсыру:** ұзын және қысқа жолақтарды қиып, дайын және табиғи материалдармен біріктіріп күзгі композиция жасау. Қайшымен жұмыс кезінде қауіпсіздікті сақтау. | солдан оңға қарай орналастыру.<br>**Құрастыру:** лего, пластиналар, қораптар мен қалдық материалдарды пайдаланып жәрмеңке сөресін, үстелін және өнім сақтайтын орын жасау.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру:** ересект ердің күзгі еңбегі туралы білімдерін кеңейту. Еңбектің нәтижесін бағалау, бірлесіп жұмыс жасау, өз міндетіне жауапкершілікпен қарау, өз ойын еркін білдіру және басқалардың пікірін құрметтеу.<br>**Сурет салу:**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру** шаршыдан дөңгелек, тікбұрыштан сопақша пішіндерді қиып, қияр, сәбіз, қызанақ, алма бейнелерін жасау. Қиылған пішіндерді қағаз бетіне үйлесімді орналастырып, «Мол өнім» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | композициясын құрастыру. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Үйде бірге таныс ән айтып, қарапайым би қимылдарын орындаңыз. Бұл күн соңындағы шаршауды жеңілдетіп, ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайтады. | Баламен бірге ойыншықтарын реттеп, әр заттың өз орны бар екенін еске түсіріңіз. Тапсырманы бірге бастап, кейін өздігінен аяқтауына мүмкіндік беріңіз. | «Бүгін серуенде не көрдің?», «Ауа райы қандай болды?» деп сұраңыз. Табиғаттағы өзгерістерді байқауына және өз ойын толық сөйлеммен жеткізуіне көмектесіңіз. | Суретті кітаптарды бірге қарап, кейіпкерлер, оқиғалар және суреттер туралы әңгімелесіңіз. «Бұл жерде не болып жатыр?», «Сеніңше, ары қарай не болады?» деген сұрақтар қоюға болады. | Үйде бірге ертегі кейіпкерлерін дауысқа салып ойнаңыз. Рөлдерді бөлісіп, кейіпкерлердің сөзін, көңіл күйін бейнелеу арқылы баланың қиялын және сөйлеу белсенділігін қолданыңыз. |